

Дәріс № 4. Халықаралық саясатта баламалы ұғымдар.

Дәріс жоспары:

1. Либерализм түсінігінің эволюциясы.
2. Халықаралық қатынастардың неолибералдық тұжырымдары.
3. Халықаралық қатынастардың марксистік және неомарксистік тұжырымдары.

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясатта либерал теорияны танымын жасай алады. Либерал теория ішіндегі әртүрлі көзқарастарды бір-бірінен ажырата алады. Марксист теорияның халықаралық саясатқа деген ұстанымын түсіндіре алады. Құраушы(жинау, құрастыру) ұстанымын өзге теориялармен салыстыра алады. Феминист теорияның халықаралық саясат дисциплинасына берген үлесін түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, демократиялық бейбітшілік теориясын, неолиберал құрылымшылдық, империализм, тәуелділік теориясы, сын теориясы секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

1.Либерализм түсінігінің эволюциясы

Халықаралық қатынастардағы либералдық көзқарас 18-19 ғасырлардан бастау алатын және қазіргі либералдық мемлекеттің дүниеге келуімен бірге пайда болған терең тамырлы дәстүрдің жемісі. Либерализм идеология ретінде саяси және экономикалық ойлар тарихында, әсіресе Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарында ықпалды болды. Либерализм бүгінгі күнгі көптеген теориялардың бастапқы нүктесін құрады. Мысалы, идеализм, өзара тәуелділік, демократиялық бейбітшілік теориясы және неолибералды институционализм тәсілдері - либерализмнің туындылары.

Либералды көзқарас негізінде жатқан ең маңызды мәселе әділетті және бейбіт әлемдік тәртіптің қалай орнатылатындығы болды. Әлемдік бейбітшілікке қалай жетуге болатындығы туралы ең жүйелі тәсілді дамытқан неміс ойшылы Иммануил Кант өзінің «Perpetual Peace» (Мәңгілік бейбітшілік) еңбегімен және кантиандық оймен Халықаралық қатынастар пәнінде либерализмнің дамуы үшін маңызды үлес қосты.

Реалистік ойға әсер ететін ағымдарды сипаттауға қарағанда, либералдық ойдың қалыптасуына әсер ететін интеллектуалдық қозғалыстарды тарихи процесс аясында анықтау қиынырақ. Өйткені либералдық көзқарастың пайда болуына үлес қосқан ойшылдардың әсері әлдеқайда жанама болды. Бұл ойшылдардың көпшілігі негізінен халықаралық саясаттан гөрі ішкі саясатпен көбірек шұғылданды.

Либералдық ойдың тамырын б.з.б. 300 жылдар шамасында Ежелгі Грецияда пайда болған Стоицизм көзқарасына дейін апаруға болады. Стоиктер барлық адамдар әртүрлі саяси қауымдастықтарда өмір сүріп, әртүрлі

мәдениеттерге ие болғанымен, әлдеқайда үлкен қауымдастықтың бір бөлігі болып табылады деп деуде. Стоицизмдегі бұл әмбебаптық кейінгі либерал ойшылдар Г. Гроций мен Иммануил Канттың ойларына терең әсер етті.

17 ғасырдан бастап пайда бола бастаған классикалық либерализмді бүгінгі либерал көзқарастың атасы деп санауға болады.

Классикалық либералдық теорияның бастапқы нүктесі – жеке тұлға және жеке тұлғаның эмансипациясы. Бұл көзқарас бойынша жеке тұлға маңызды талдау объектісі әрі құқық иесі болып табылады. Мемлекеттің негізгі міндеті болса жеке тұлғалар арасындағы дау-дамайларға делдалдық ету және жеке тұлғалар өз құқықтарын толықтай қолдана алатындай жағдай жасау және оны тұрақты жалғастырып ұстап тұрудан әріге бармауы керек. Яғни жеке тұлға саяси өмірде басымдыққа ие. Мемлекет, керісінше, жеке тұлғалар еркін өмір сүре алатын тұрақты саяси, экономикалық және әлеуметтік ортаны құруға жауапты. Осы мәселені ерекше атап өткен маңызды ойшылдардың бірі Джон Локк (1632-1704) болып табылады.

Жеке тұлға туралы либералды ойлау, экономикалық бағытта Адам Смит пен Дэвид Рикардо еңбектерімен де нығайтылды. Бұл экономистер, мемлекет шектемеген жеке кәсіпкерлерге назар аудара отырып, жеке тұлғаның экономикалық саладағы маңыздылығына назар аударды. Кейінірек **Утилитарлар** деп аталатын қозғалыстың бастаушыларының бірі болған Джереми Бентам да жеке тұлғаларды өздері үшін ең жақсы таңдау жасай алатын рационалды акторлар ретінде сипаттаған.

Утилитарлар- Орынды, өнегелі іс-әрекеттің барлығының әл-ауқаты мен бақытын арттыратын іс- әрекет екенін жақтайтын философиялық бағыт.

Позитивті құқықтың негізін қалаушы болып саналатын Гуго Гроциус (1583-1645) да либералдық ойға ықпал еткен ойшылдардың бірі. Гроцийдің реалистерден айырмашылығы, ол халықаралық қатынастарды соғыс жағдайы ретінде сипаттамайды. Оның пікірінше, «халықаралық қатынастар анархиялық, бірақ көптеген егемен мемлекеттердің болуы және жалпы жоғарғы биліктің болмауы тұрғысынан анархиялық әрі халықаралық қатынастарда қауымдастық жағдайы бар» (Yurdusev, 1996: 47-48) және бұл қоғамның негізін күш емес, дәстүрлер мен нормалар қалыптастыруда. Халықаралық құқық нормаларын жасайтын мен жүзеге асыратын жоғары билік болмаса да, халықаралық қауымдастықта құқықтық жүйе бар және осы заңды құрайтын негізгі факторлар - бұл нормалар мен дәстүрлер.

Либералдық көзқарасқа әсер еткен тағы бір ойшыл - Иммануил Кант (1724-1804). Стоикалық пікірлердің ықпалында қалған Кант, әмбебаптық, әлем азаматы, бейбітшілікті мемлекеттер арасында федерация құруда құрал ретінде қарастыру сияқты мәселелерге көп көңіл бөлді. Кант, Perpetual Peace(мәңгі бейбітшілік) атты өз жұмысында әділетсіз әлемде тұрақты бейбітшілікке қол жеткізе алмайтындығын айтады. Канттың ойынша, реалистердің табиғи жағдай деп сипаттаған жағдайдан бейбітшілік жағдайына өту арқылы тұрақты бейбітшілікке қол жеткізуге болады. Реалистердің пікірінше, табиғи жағдай дегеніміз заң мен тәртіп болмаған, әркім өзінің қарақан басын күйттеген ортаны білдіреді. Кант мемлекетті ойдан шығарылған субъект, сондықтан ешқандай

шындықтың болмайтынын айтып, негізгі әрі моральдық құндылыққа ие болмыстың адам екенін тұжырымдайды. Қазіргі уақытта адамзат мемлекеттерге топтастырылған және бір-бірінен бөлінген, бірақ бұл уақытша күй. Бір күні адамдар ортақ қауымдастыққа бірігеді және осылайша тұрақты бейбітшілікке қол жеткізуге болады.

Кант, әлемдік мемлекеттен бұрын, заңның үстемдігі үстем болатын федерация туралы айтады. Канттың пікірінше, мұндай федерацияны құру киын әрі белгілі бір шарттардың орындалуына тәуелді. Бұл шарттардың бастысы - диктатура мен монархияларды жою және оның орнына республикалар құру. Өйткені, Кант адамдар болмысы жағынан жақсы екеніне әрі тек адамдардың құл емес, еркін азамат болған өркениетті елдер ғана табиғи жағдайын асып түсе алатынына сенуде.

Жоғарыда қысқаша түрде берілген ойшылдар әсер еткен либерализм бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық саяси теория ретінде қарастырыла бастады. Қазіргі либералдық теория Классикалық либералдардың жеке тұлғаға бағытталған көзқарастарын негізге ала отырып, мұны халықаралық қатынастарға қолдануға тырысты.

АҚШ президенті Вудро Вильсонның басшылығымен орнатуға тырысқан жаңа әлемдік тәртіп классикалық либералдық теориядан әсерленген және халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету құралы ретінде қолдана бастады. Кейінірек, Реалистердің Идеализм деп атаған бұл либералды пікір екі дүниежүзілік соғыстың арасындағы кезеңге өзінің таңбасын қалдырды.

Халықаралық қатынастардың неолибералдық тұжырымдары

Қазіргі либерализмнің негізгі болжамдары. Либералдар реализмнің халықаралық саясатқа көзқарасын сынап өз болжамдарын алға тартты. Бұл болжамдарды келесі тақырыптар бойынша топтастыруға болады:

- *Мемлекеттер халықаралық саясаттың жалғыз акторлары емес.* Қазіргі либерал теория Классикалық либералдар секілді тек жеке тұлғаны ғана емес, реалистер секілді де тек мемлекеттерді талдау объектісі ретінде қолға алмайды. Плюралистік көзқарасты қолдайтын либералдарға қарағанда, халықаралық саясаттың негізгі акторлары тек мемлекеттер ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғалар мен ұйымдарды да қамтыған барлық қоғамдық акторлар кіреді. Әсіресе, халықаралық ұйымдар кейбір мәселелерде тәуелсіз актор ретінде әрекет жасай алады әрі мемлекеттің ұстанымдарына мезгіл- мезгіл әсер ете алады.

- *Адамдар негізінен жақсы болмыс иелері.* Либералдар, реалистерге қарағанда адам болмысы туралы оптимистік пікірде. Адамдардың соғыс және әділетсіздік сияқты жаман және өзімшіл мінез-құлықтары жеткіліксіз және нашар әлеуметтік институттардан немесе басшылардың жаңсақ түсініктерінің салдарынан туындайды. Әділетсіздік, соғыс пен басқыншылық болмай қоймайтын, болуы сөзсіз, еріксіз әрекет емес; ол институционалдық реформа және ұжымдық әрекет арқылы қысқартылуы немесе толығымен жойылуы мүмкін.

- *Халықаралық жүйеде ынтымақтастық мүмкін.* Либералдар

халықаралық жүйеде ынтымақтастықтың болуы мүмкін екенін жақтаған. Олардың ойынша, мемлекеттер әрқашан қайшылықты мүдделерге ие бола бермейді. Мемлекеттер ортақ мүдделерге ие болуы мүмкін және ынтымақтастықтан да әркім пайда көруі мүмкін, бірақ ынтымақтастықты жүзеге асыру халықаралық ортаның ынтымақтастық жасау үшін қолайлы болуына байланысты. Осы тұрғыда либералдар реалистердің анархия ұғымын сынайды. Экономикалық, технологиялық және мәдени пайда табу мүмкіндіктері мемлекет қайраткерлерін бір-бірімен ынтымақтастық орнатуға бағыттап, жүйенің анархиялық сипатын өзгерте алады. Алайда бұл үшін кейбір шарттар орындалуы керек:

- (1) мемлекет қайраткерлері арасында болу мүмкін жаңсақ қате түсініктердің алдын алу үшін мемлекетаралық қатынастар ашық болуы керек,
- (2) жеке бостандықтарды шектейтін институттар мен ережелер алынып тасталуы керек,
- (3) салыстырмалы түрдегі емес, түпкілікті(абсолютті) пайдаға назар аудару керек.

- *Халықаралық жүйе тек күш тұрғысынан ғана құрылымдалмаған.* Реалистерге қарағанда либералдар халықаралық жүйені тек күш қатынастары мен күшті бөлу тұрғысынан ғана зерттеуге болмайды дейді. Олардың пікірінше, жүйе тек күштік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар басқа аспектілерден де құрымдалған. Әрі жүйелік өзгеріс тек күштік қатынастарының өзгеруіне байланысты емес, сонымен қатар халықаралық нормаларды халықаралық ұйымдар мен халықаралық құқық жүзеге асыра алады[4, 102].

- *Мемлекеттер жалғыз тек актор емес.* Либералдар реалистердің мемлекеттерді белгілі бір мүдделері бар жалғыз актор ретінде талдау жасауларын сынауда. Либералдардың пікірінше, мемлекеттерде нақты және өзгермейтін сыртқы саяси таңдау болмайды. Мемлекеттердің сыртқы саяси іс-әрекеттері мемлекет ішіндегі әр түрлі мүдде және мақсаттармен әрекет ететін акторлар тарапынан анықталуда.

- *Рационалдық.* Либералдардың рационалдылық туралы болжамы реалистерден ерекшеленеді. Реалистердің пікірі бойынша, рационалдылық - акторлардың қысқа мерзімді мүдделерін арттыру қабілеті. Бірақ либералдардың пікірінше, адамдар өз қоғамының ұзақ мерзімді мүдделерін қорғау үшін өздерінің қысқа мерзімді мүдделерінен бас тартуға қабілетті. Либералдар бұл ұстанымды рационалды деп сипаттайды, өйткені «акторлар осылай әрекет ету арқылы өздерінің ұзақ мерзімді мүдделеріне үлес қосуда».

Реализмге сәйкес соғыс, мемлекеттердің қысқа мерзімді мүдделеріне қызмет еткендіктен рационалды. Бірақ либералдар бұған кереғар пікір айтуда. Олар үшін соғыс – жаңсақ логиканың нәтижесінде пайда болатын және мемлекеттердің ұзақ мерзімді мүдделеріне нұқсан келтіретін иррационалды ұстаным.

- *Әскери күш.* Либералдар реалистердің әскери күшке қатысты пайымдауларын да сынайды. Реалистердің пікірінше, күштің ең маңызды элементі әскери күш және **жоғары саясат** мәселелері мемлекеттердің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Жоғарғы саясат: Реалистердің қауіпсіздік тақырыптарын танымын жасау үшін қолданған ұғым.

Алайда либералдар, халықаралық саясатта әскери күшті қолданушығыны барған сайын артып келеді және мемлекеттер үшін жүгінетін ең соңғы құрал деп санайды. Дипломатия, бітімгершілік іс-әрекеттер және әскери күшке жатпайтын өзге әдістер әскери күшке қарағанда әлдеқайда тиімді қолданылады. Халықаралық ұйымдар, халықаралық құқық пен нормативтер мемлекеттер арасындағы жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге қажетті ортаны ұсынады.

Жоғарыда айтылғандай, либерализм Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық саясаттың күн тәртібіне қатты әсер етіп, көптеген теориялардың бастапқы нүктесін құрады. Бұл теорияларды келесідей қорытындылауға болады.

Идеализм

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылатын жаңа әлемдік тәртіптің сәулетшілерінің бірі Вудро Вильсон, соғыстардың алдын алуға болатындығын және эгоист мемлекеттер арасындағы күш үшін күрес- тартысты халықаралық институттар арқылы азайтуға болатындығын алға тартты. Кейінірек Вильсонның көзқарастарын реалистер идеализм деп, оларды қияли, утопист деп айыптады.

Идеалистер соғыстардың мағынасыз екенін және мұндай апаттардың қайталануын болдырмау үшін қажетті сабақ алу керектігін, әрі соғыстың туындауында репрессиялық режиммен басқарылған елдердің әсері болғанын атап көрсеткен. Мұндай басқару режимдегі ел лидерлерінің демократиялық жауапкершіліктерінің болмауы және қақтығыстардың алдын алатын халықаралық тетіктерінің болмауы соғыстың басталуына ықпал еткен факторлар болды. Осы мақсатта Вилсон бастаған идеалистер халықаралық ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға да мұрындық болды. Идеалистер, екі немесе одан да көп мемлекеттердің бір-бірін қорғауға уәде беруге сүйенген ұжымдық қорғаныстың соғыстардың шығуына тосқауыл бола алмайды деуде. Идеалистер бұл жүйенің орнына ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру керек деп ұсынады. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесі – жүйедегі ірі мемлекеттердің басын қосқан, жүйені басқыншылардан қорғауға және потенциалды басқыншылардың бетін қайтаруға бағытталған құрылым. Ұлттар Лигасы осы мақсатта құрылған болатын.

Ұлттар Лигасы: I-дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған және жахандық сипатқа ие болған ұжымдық қауіпсіздік ұйымы.

Вилсон, осындай ұжымдық қауіпсіздікке негізделген жүйе мемлекеттердің күшке қатысты уайым-қайғыларын жойып, соғыстың шығуына жол бермейді деп тұжырымдайды. Осылайша, идеалистер соғыстарды халықаралық ұйымдар, заң, дипломатия және басқа да бейбіт құралдар арқылы жоюды мақсат етті. Бірақ II-дүниежүзілік соғыстың басталуы осы тәртіпті бұзды және либералдар реалистік сыншылардың нысанасына айналды. Екі дүниежүзілік соғыс арасында құрылмақшы болған ұжымдық қауіпсіздік жүйесі II-дүниежүзілік соғыстан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуымен қайтадан жандандырылды.

Дипломатия: Қақтығыстарды күш қолданбастан шешу мақсатымен мемлекеттер арасында құрылған байланыс және келіссөз үдерісі.

Демократиялық бейбітшілік теориясы

Либерализм әсер еткен тағы бір теория - *демократиялық (либералды) бейбітшілік* теориясы. Бұрын да айтылғандай, либералдар соғысты азайтудың бір жолы ретінде демократияны жаю қажет деген. Канттың көзқарастарының ықпалында қалған Майкл Дойл, Рудольф Руммель және Брюс Рассетт сияқты ойшылдар демократиямен басқарылған елдер өзара бейбіт қатынастар орната алады деп тұжырымдады. Бұл ойшылдар демократия бір-бірімен екі себептен соғыспайды деуде. Біріншіден, демократтар соғысты және өзге де зорлық-зомбылық түрлерін болдырмайтын бірдей либералды құндылықтарға ие. Екіншіден, демократиялық елдерде шешім қабылдау тетігі жалғыз басшының немесе мекеменің қолында емес. Сыртқы саяси шешімдер қабылдау процесінде көптеген акторлар (мемлекеттік институттар, қысым көрсетуші топтар, саяси партиялар, қоғам) рөл ойнайды және бұл акторлардың барлығын соғыс сияқты маңызды мәселелерге көндіру оңай емес. Теория, демократтардың бір-бірімен соғыспайтынын, олардың авторитарлық режимдермен соғысуы мүмкін деген пікір айтады.

Демократиялық Бейбітшілік теориясы, демократиялық мемлекеттердің соғыспайтынын айтады. Тек қана бір-бірлерімен соғыспайтынын, бірақ авторитарлық мемлекеттермен соғысуы мүмкін екенін айтуда.

Неолибералды институционализм

1980 жылдары Реализмге сын ретінде пайда болған Неолибералдық институционализм немесе Неолиберализм бұрынғы либералдық ұстанымдардан өзгеше. Неолибералистер халықаралық ұйымдардың мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды азайтудағы маңыздылығын көрсеткенімен, екінші жағынан Реалистердің кейбір болжамдарын қабылдайды. Неолибералистер үшін мемлекеттердің қысқа мерзімді өзімшіл мүдделерінен гөрі ұзақ мерзімді ортақ табыстарға ұмтылуы әлдеқайда ұтымды әрекет болып саналады.

Неолибералдар, реалистер сияқты, мемлекеттерді өзінің бас пайдасын көздейтін тек актор ретінде сипаттайды және жүйенің анархиялық екенін мойындайды. Бірақ, Неолибералистердің Реалистерден айырмашылығы, мемлекеттердің өзімшіл болуы олардың ынтымақтастықтан бойын аулақ ұстайды деген ұғымды білдірмейді деуде. Неолибералистердің пікірінше, мемлекеттердің бір-бірімен ынтымақтасуы олардың мүдделеріне сәйкес келеді және халықаралық ұйымдар мемлекеттерге өздерінің ортақ мүдделерін жүзеге асыруға көмектесе алады. Сонымен қатар, неолибералдар мемлекеттердің анархиялық жағдайда әрдайым **салыстырмалы табыстарға** назар аудара бермейтінін, сонымен қатар **абсолютті жетістіктердің** де маңызды екендігіне тоқталып, ынтымақтастықтың мүмкін екендігін атап өтеді.

Салыстырмалы табыс: Ынтымақтастық жағдайында бір мемлекеттің жеткен жетісігінің басқа мемлекеттің жетістігіне қатынасы.

Абсолютті жетістік: ынтымақтастық жағдайында бір мемлекеттің нақты жеткен жетістігі.

Неолибералдар, анархиялық жағдайда ынтымақтастықтың мүмкін

екендігін дәлелдеу мақсатында Реалистер сияқты Тұтқындар дилеммасы ойынын пайдаланады. Реалистер екі акторлық және бір реттік Тұтқындар дилеммасы ойыны арқылы анархия тудырған сенімсіздік ортасы акторларды ынтымақтастықтан қалай алшақтататынын көрсетуге тырысты. Неолибералдар болса, ойын қайталанған жағдайда өзара түсіністік қарым- қатынас қағидасы пайда болатынын және нәтижесінде ынтымақтастық ұтымды ұстанымға айналатынын айтуда.

Тұтқындар дилеммасы - қылмыс істелгендігінің дәлелі бар, бірақ ол кінә тағуға жеткіліксіз болатын екі тұтқынның бір-біріне қарым-қатынасқа түсе алмайтын жағдайдағы олардың екеуіне де егер кінәсын мойындаған жағдайда жазаны азайтуға уәде беру. Егер екеуі де мойындаған жағдайда екеуі де өлшеулі жаза алады, ал ешқайсысы да мойындамаса ең аз мөлшерде ғана жазаланады.

Tit-for-tat деп те аталатын өзара түсіністік қарым-қатынас қағидасына сәйкес, актордың алғашқы әрекеті басқа актордың іс-әрекетін, нәтижесінде қарым-қатынастың барысын анықтайды. Осылайша, бір актордың ынтымақтастыққа бағытталған алғашқы әрекеті екінші актордың да ынтымақтастыққа қарай қадам басуына себеп болады, сайып келгенде екеуі де табысқа жетеді. Неолибералдар, жоғары билік болмаған жағдайда да мемлекеттер өздерінің іс-әрекет нормаларын дамытатындықтарын, осылайша ынтымақтастық анархиялық жағдайда да мүмкін болатындығын көрсетуге тырысты. Алайда, Неолибералдар, Реалистер сияқты, экономикалық мәселелерде ынтымақтастықтың оңай, ал әскери және қауіпсіздік мәселелерінде қиынырақ екенін мойындайды. Неолибералдар халықаралық ынтымақтастыққа, халықаралық ұйымдар мен **режимдердің** пайда болуын мысал ретінде келтіреді. Мемлекеттер халықаралық сауда, ашық теңіздер мен ғарышты пайдалануға қатысты белгілі бір нормалар мен ережелер жетілдірген және осы ережелерді сақтауға қол жеткізген. Мысалы, ГАТТ режимі халықаралық сауданы ырықтандыру мақсатында, II-дүниежүзілік соғыстан кейін құрылды.

Режим: Мемлекеттердің белгілі бір салада келісімге келіп, өздерінің іс-әрекеттерін реттейтін құралдар, нормалар мен қағидалар жиынтығы.

Бұл жерде режим ұғымын, мемлекеттердің ішкі саяси құрылымын сипаттау үшін қолданылған режим ұғымымен шатастырмау керек.

Бүгінгі Либералдық теориялар, әсіресе әсіресе халықаралық саяси экономика саласында көптеген жаңа зерттеу салаларын қалыптастырды. Қазіргі кезде жиі қолданылатын Транснационализм, Өзара тәуелділік сияқты ұғымдар осы жаңашылдықтың өнімі болып табылады. Транснационализм, әсіресе, бірнеше мемлекетте жұмыс істейтін және классикалық егемендік ұғымын қайта түсіндіруге себеп болған трансұлттық корпорациялардың және басқа үкіметтік емес ұйымдардың (мысалы, Халықаралық Амнистия ұйымы, Гринпис секілді) қызметтерін сипаттау үшін қолданылатын термин сөз. Өзара тәуелділік ұстанымы болса, мемлекеттердің көптеген арналар (сауда,

капитал ағыны) арқылы өзара тәуелді болуы және осы тәуелділіктің соғыстың шығуына тосқауыл болады деп пайымдайды.

Либералды көзқарасқа бағытталған сындар

Реалистер либералдық көзқарастың негізгі пайымдарын көптеген тұрғыдан сынға алды. Реалистер, II-дүниежүзілік соғыстан кейін Либералдарға айтқан сындарын жаңалайды және Либералдардың идеалист екенін, олардың әлемнің ақиқатта *қалай* болғандығымен емес, *қалай болу* керектігімен шұғылданатындарын атап көрсеткен.

Екіншіден, либералдардың халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты жүзеге асыруда халықаралық ұйымдарға берген рөлі де сынға ұшырады. Сыншылар, халықаралық ұйымдардың экономикалық, қаржылық және экологиялық мәселелерде саны көп әрі әсері әлдеқайда тиімді болғанын, алайда жоғары саясат деп аталатын әскери және қауіпсіздік мәселелеріне әсерлері өте төмен екенін айтуда. Бұл да ынтымақтастықтың экономика, қаржы және қоршаған орта сияқты маңызды емес мәселелер бойынша туындайтындығын көрсетеді. Өйткені, мемлекеттер әлі күнге дейін күш пен қауіпсіздік тақырыптарына мән береді және осы бағыттарда өздерінің егемендігін шектегілері келмейді.

Соңында, Реалистер, Либералдардың халықаралық саясатта моральдық-гуманитарлық құндылықтардың маңыздылығын асыра айтады дейді. Реалистердің пікірінше, мәдени тұрғыдан сараланған әлемде стандарт моральдық принциптерді табу және қолдану мүмкін емес.

2.Халықаралық қатынастардың марксистік және неомарксистік тұжырымдары.

Марксист көзқарас

Марксист теориялар XX ғасырдың көп бөлігі үшін жоғарыда түсіндірілген халықаралық қатынастар теорияларына қарсы ең радикалды баламасын қалыптастырды. Карл Маркстің (1818-1883) ой-пікірлерінен үлкен әсер алған бұл теориялар негізінен халықаралық экономикалық құрылымға бағытталып, халықаралық саясатты экономикалық факторлар тұрғысынан қарастырған. Алайда бұл жерде айтылатын мәселе мынада: Карл Маркстің өзі халықаралық саясат теориясын жазбаған. Кейінірек, марксизмнің ықпалында болғандар, оның идеяларымен рухтанып халықаралық саясаттың марксистік теорияларын жетілдірді. Сондықтан бұл теорияларды түсіну үшін марксистік пікірге қысқаша шолу жасауымыз қажет.

Марксистік пікірдің эволюциясы

Халықаралық саясатта радикалды көзқарастар деп те аталатын марксистік теориялар негізінен Маркс пен өзге марксистік ойшылдардың идеяларымен шабыттанды. Марксистік ойдың маңыздылығы оның тарихи талдауға баса назар аударуында. Маркс өндіріс процесінің тарихына ерекше тоқталып, өндірістік процестің феодализмнен капитализмге дейінгі эволюциясы кезінде жаңа таптар мен әлеуметтік қатынастардың пайда болатынын атап көрсеткен. Маркс пен Фридрих Энгельс (1820-1895)

«Коммунистік манифест» деп аталатын еңбегінде қоғамдардың тарихы, таптық қақтығыстардың тарихы екенін айтқан.

Маркстің пікірінше, адамзат тарихындағы ең іргелі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер екі негізгі әлеуметтік-экономикалық таптардың

қақтығысы нәтижесінде пайда болған: өндіріс құралдарына ие капиталистік буржуазия және өндіріс құралдары жоқ, бірақ буржуазия үшін жұмыс жасайтын пролетариат сыныбы. Осы екі тап арасындағы қақтығыс пролетарлық революцияға, демек, буржуазиялық диктатураның күйреуіне әкеліп соғады, ал келесі кезеңде өндіріс құралдарына жеке меншіктік болмаған әлеуметтік-экономикалық сынып жоғалып кететін **коммунистік** жүйеге өтеді.

Коммунизм: Өндіріс құралдарына жеке меншіктік болмайтын экономикалық жүйе.

Маркстің ойларын халықаралық аренада қолдану алғаш рет Кеңес Одағының бірінші жетекшісі Владимир Ильич Лениннің (1870-1924) империализм теориясымен жүзеге асырылды. Кейіннен бұл теория Тәуелділік және Әлемдік жүйелер теорияларымен жалғасын тапты.

Осы теорияларды зерттемес бұрын, кейбір түйткілдерге тоқтап өту керек. Марксизм өндіріс процесінің маңыздылығына көңіл бөлгендіктен кейінгі радикал халықаралық саясат теоретиктері өз түсініктемелерінде негізгі өзгергіш ретінде экономикалық факторларды қолданды. Марксистердің бұл ұстанымдары оларды либералдар мен реалистерден ара- жігін ажыратып тұратын ең маңызды ерекшелігі болып табылады. Либералдардың пікірінше, экономикалық факторлар халықаралық ынтымақтастықты түсіндіру үшін қолданылатын факторлардың тек біреуі ғана. Реалистердің пікірінше, экономикалық факторлар күш элементтерінің тек біреуі ғана. Екі теорияда да экономикалық факторлар негізгі өзгергіш ретінде қолданылмаған. Марксистік теорияларда, экономика негізгі түсіндіруші өзгергіш болып табылады, сондықтан басқа факторлардан жоғары тұрады.

Ленин және империализм

Маркстің идеяларын халықаралық аренада алғаш қолданған адамдардың бірі - Ленин. Ленин, **империализм** терминін 19 ғасырдағы әлемнің отарлық империялар арасында бөлінуін сипаттау үшін қолданды.

Империализм: Лениннің пікірінше капитализмнің ең соңғы сатысы. Дамыған мемлекеттер, шикізат, арзан жұмыс күші және нарық қалыптастыру мақсатымен өзге мемлекеттерді қанау саясатына берілген ат.

Импереалистік мемлекеттер неғұрлым арзан шикізат пен жұмыс күшіне ие болу үшін және өз елдерінде өндірген артық тауарларына нарық құру мақсатында әлдеқайда әлсіз елдерді басып алып, отар елге айналдырды. Демек, Ленин Маркстің тап қақтығысын халықаралық деңгейге көтеріп, империалистік мемлекеттер мен қаналушы мемлекеттер арасында қақтығыстың басталатынын болжаған

Лениннің пікірінше, империализм капитализмнің ең соңғы сатысын құрайды. Лениннің ойынша, бұл сонымен қатар капиталистік жүйенің күйреуіне әкеледі, өйткені қазіргі кезде жаңа нарықтар мен шикізаттарды іздеу капиталистік елдер арасында қақтығыстардың шығуына себеп болуда. Ленин бұл жағдайды Бірінші дүниежүзілік соғыстың басты себебі ретінде көрсетеді. Лениннің пікірі бойынша, бұғаудағы халықтар капиталистік елдердегі жұмысшы таптарымен бірге капитализмге қарсы бірігіп, капиталистердің үстемдігін жояды.

Марксистердің пікірі бойынша, империализм халықаралық иерархиялық жүйені жасайды және бұл жүйе дамыған елдерге мүмкіндік берсе, артта қалған елдердің іс-әрекеттерін шектеп, дамыған елдерге тәуелді етеді. Дамыған елдердің басқа елдерге қысым жасауының басты себебі - капитализм тудырған экономикалық теңсіздік және осы мақсатта қолданылатын экономикалық құралдар күштің ең маңызды көрсеткіші болыптабылады.

Тәуелділік теориясы

Марксистік дәстүрде дамыған екінші маңызды теория - *Тәуелділік теориясы*. Рауль Пребиш, Т.Дос Сантос, Фернандо Х.Кардосо, Самир Амин, Андре Гундер Франк және Иммануэль Валлерштейн сияқты ойшылдар бастаған тәуелділік теориясы негізінен Үшінші әлем елдерінің кедейлік себептерімен шұғылданды. Теорияға сәйкес, үшінші әлем елдерінің дамымауының басты себебі - бұл елдердің капитал мен технология жағынан дамыған елдерге тәуелділігі болып отыр.

Тәуелділік теориясы 1960-шы жылдардан кейін либералды Модернизация теориясының сыны ретінде дамыды. Атап айтқанда, Латын Америкасы ойшылдарының өз елдерінің дамыған елдердің байлығына жете алмау себептерін зерттеуге тырысуы теорияның пайда болуында маңызды факторы болды. Модернизация теориясы қоғамдардың экономикалық дамуы бір мезгілде әлеуметтік, саяси және мәдени дамуға бастайды деп, модернизация үшін капиталистік экономикалық жүйе қажет деп санайды. Алайда модернизация теориясына қарсы айтылған сын-пікірлер, бұл жағдай империализмнің жаңа түрі болған **Неоколониализмнің** пайда болуына себеп болды дейді.

Неоколониализм: отаршылдықтың тікелей басқыншылық жолмен емес, саяси, экономикалық және мәдени құралдармен жанама түрде жүргізілетінін түсіндіру үшін қолданылатын ұғым.

Модернизация теориясына қарсы жетілдірілген ең маңызды сындардың біреуі болған Тәуелділік теориясы бойынша, үшінші әлем елдері тәуелсіздігін заңды түрде алғанымен, экономикалық жағынан олар әлі де болса отаршыл елдерге тәуелді. Бұл елдер экономикалық дамуы үшін дамыған елдерден не болмаса солардың бақылауындағы халықаралық қаржы институттарынан (мысалы, Дүниежүзілік банк пен IMF/XBK/ секілді) қарыз алуға мәжбүр. Алайда, бұл қарыздар белгілі бір шарттар аясында берілгендіктен, дамыған елдер қарыз алушы елдердің экономикалық және саяси өміріне қол сұғуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл елдердегі ең өнімді экономикалық сала дамыған елдердің трансұлттық компаниялардың бақылауына өтіп, елде өндірілген байлық негізгі елге көшеді. Бұл жағдайда дамыған елдердің даму мүмкіндігі жоқтың қасы.

Осы тұста өзінен әрі марксистік әрі тәуелділік теориялардың іздерін байқауға болатын Әлемдік жүйелер теориясын атап өткен пайдалы болады. Бастамашысы Иммануил Валлерстайн(1930-2019) болған Әлемдік жүйелер теориясына сәйкес, жахандық экономикалық, саяси және әлеуметтік процестерді түсіну үшін капиталистік экономиканың дамуына назар аударуымыз керек. Себебі капитализм - жүйелік және жахандық бір құбылыс

болып табылады. 16 ғасырда Еуропада пайда болып, бүкіл әлемге таралған капиталист әлемдік экономика үш құрылымдық позицияны қамтиды: күшті және бай елдерден құралған *орталық*, әлсіз және кедей елдерден құралған *периферия*, және осы екеуінің ерекшеліктерін бір өзінде жинақтаған *жартылай периферия* (Kegley ve Blanton, 2011: 52). Әлемдік жүйелер теориясы, осы құрылым қалыптасқаннан кейін орталық пен периферия арасында тең емес байланыстың орнайтынын және орталықтың *периферияны* үздіксіз қанай бастайтынын айтуда. Теорияға сәйкес, *орталық* пен *периферия* арасындағы айырмашылық алғашқында аз болғанымен, бұл айырмашылық біртіндеп арта түскен, *орталық* мемлекеттер көбіне өндірістік өнімдерге, ал *периферия* шикізат экспортына мән берді. Бұл екі аймақ арасындағы даму айырмашылығының артуына себеп болды.

Валлерстайн да өзінің талдауында неореализм сияқты жүйелік тәсілді таңдады, алайда Неореализмнен айырмашылығы, жүйедегі күштің бөлінуін негізгі экономикалық жүйеге сілтеме жасамай түсіндіре алмаймыз деп пайымдады. Өйткені, мемлекеттер арасындағы даму айырмашылықтары тарихи немесе технологиялық себептердің нәтижесінде емес, капиталист әлемдік жүйенің функциясы ретінде пайда болды. Әлемдік жүйелер теориясы, осылайша дамымаудың себебі ретінде капиталистік экономикалық құрылымды атап көрсетті. Осы екпінге байланысты бұл теория құрылымдық/институционалдык/ тәсіл деп те аталады.

Әлемдік жүйелер теориясының құрылымдық ұғымы мен Неореализмнің құрылымдық ұғымын бір бірімен шатастыруға болмайды. Неореализм құрылымды саяси тұрғыда сипаттаса, Әлемдік жүйелер теориясы құрылымды экономикалық тұрғыдан сипаттауда.

Әлемдік жүйелер теориясы, халықаралық саясат негізінен капиталист дүниежүзілік экономика, яғни капиталист әлемдік жүйенің құрылымы тарапынан анықталатынын айтуда. Басқаша айтқанда, халықаралық саясаттың болмысын экономикалық факторлар анықтайды. Мемлекеттер, көпұлтты компаниялар мен транснационал әлеуметтік сыныптар(яғни буржуазия) саясаттың негізгі акторы ретінде алдымызға шығуда. Теория Марксистік мемлекет түсінігіне сай түрде мемлекеттердің ұлттық мүддені емес, үстемдік етуші әлеуметтік таптың, яғни капиталистердің мүддесін білдіретінін айтуда. Капитализм мәнінде әділетсіз әлеуметтік және экономикалық тәртіпті тудыратындықтан, халықаралық саясатта қақтығыстар мен үйлеспеушіліктердің жиі байқалуы қалыпты жағдай.

Сыни теория. Халықаралық саясат пәнінде ең ықпалды марксистік теориялардың біреуі де Сыни теория. Сыни теория - бұл 1920 жылдары Германияның Франкфурт қаласында бас қосқан зиялылардың еңбектеріне негізделген теория. Жетекшілері ретінде Антонио Грамши, Макс Хоркгеймер, Теодор Адорно, Вальтер Бенджамин, Герберт Маркузе, Эрих Фромм, Лео Лоуенталь және Юрген Хабермасты айтуға болады. Көптеген әртүрлі көзқарастарды қамтыған және кейде Франкфурт мектебі деп аталатын Сыни теорияның негізгі пайымдауларын жалпылама былайша қорытындылауға

болады:

- Әлемді түсіну үшін алдымен капитализм құрған негізгі экономикалық және әлеуметтік күштерді түсінуіміз керек.
- Мемлекеттер мен институттарды, ең алдымен, жаһандық капитализмді қолдайтын функциялары тұрғысынан қарастыру керек.
- Шынайы әлем бар, бірақ біздің оны түсінуіміз сыни ойлау мен рефлексияның өнімі болып табылатын идеялар, тұжырымдар мен теориялар арқылы жүзеге асырылады.
- Барлық мағлұмат, ақпарат идеологиялық болып табылады. Ақпарат - белгілі бір әлеуметтік топтардың құндылықтарының, идеяларының және әсіресе қызығушылықтарының көрінісі.
- Мәдениет пен идеология - қолданыстағы экономикалық және әлеуметтік жүйені қолдау немесе оған қарсы тұру үшін қолданылатын маңызды және күшті құралдар.
- Халықаралық саясат қазіргі жағдайды қолдайтын немесе оған қарсы тұратын әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы күрес.
- Жеке тұлғалар саяси әрекеттер арқылы қолданыстағы құрылымдарға қарсы тұра алады
- Теория өзгеріске жол бермейтін кедергілерді анықтауға бағытталуы керек. Сол сияқты, ақпарат адамзаттың құтқарылуына арналуы керек.

Сыни теорияның халықаралық қатынастар пәніне енуі Роберт Кокстың 1980 жылдардағы жұмысына байланысты болды. Италияндық коммунист ойшыл Антонио Грамшидің ықпалында болған Кокс Грамшидің гегемония тұжырымдамасын халықаралық қатынастарға енгізді.

Грамши және Гегемония: Грамшидің пікірі бойынша гегемония капиталист сыныптың басқарауын жұмысшы тапқа пікірлер мен идеология арқылы таңып жалғастыру.

Грамши (1891-1937) Маркстың индустриалды дамыған елдерде жүзеге асады деп болжаған пролетарлық революцияның Кеңес Одағы сияқты аграрлық қоғамда жүзеге асуына орай классикалық марксистік ойды сынап- мінеп, гегемония ұғымын жетілдіреді. Грамшидің пікірінше, гегемония - саяси күштің бір түрі. Грамши индустриалды елдердегі капиталистік таптардың үстемдігінің жалғасуын осы таптың басқаларға таңған идеология мен идеялармен байланыстырды. Гегемонияның бұл түрі қысым көрсетуден бұрын ризашылыққа негізделген, ал капиталистік тап өзінің идеологиясын жұмысшы таптарына таңу арқылы күшке жүгінбей-ақ өзінің гегемониясын жүргізе алады. Азаматтық қоғам ең мықты дамыған демократиялық елдерде бұл гегемония танымал мәдениет, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет, өнер және саяси партиялар арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, капитализмге қарсы күрес тек саяси және әлеуметтік күресті ғана емес, сонымен қатар балама құндылықтар мен идеологияларды құруды қажет етеді.

Грамшидің пікір мен идеология тұрғысынан сипаттаған гегемония ұғымымен Реалистердің бір мемлекеттің материалды күші тұрғысынан сипаттаған гегемония ұғымын бір-бірімен шатастырмау керек.

Кокстың айтуынша, экономиканың жаһандануымен дамыған елдердегі

үстем экономикалық топтар өздерінің гегемониясын сақтау үшін жаһандық деңгейде ұйымдасуда, ал жұмысшы топтар өндірістің жаһандануына байланысты ұлт, этнос, тап және жыныс негізінде бөлінеді.

Марксистік көзқарасқа қарсы сындар

Марксистік көзқарастарға айтылған ең үлкен сын - халықаралық саясатта тек экономикалық факторлардың маңыздылығына ғана мән беруі, өзге факторларды назарға алмауы болып табылады. Халықаралық саясат тек экономикалық факторлардың ықпалы жүріп тұрған сала ғана емес. Экономикалық факторлардан басқа саяси, әлеуметтік және мәдени факторларда халықаралық саясатқа әсер етуші факторлар болып табылады. Мысалы, Феминистер Марксистерді гендерлік факторды елемеді деп сынады.

Марксизмге айтылған тағы бір сын - марксистер қырғи қабақ соғыс аяқталғанға дейін капиталистік және социалистік мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың себебін түсіндіре алмауында. Сонымен қатар, марксистер капиталистік емес елдердің арасындағы айырмашылықтарды, Корея мен Тайвань сияқты елдердің қалай және қандай жолдармен дамып тәуелділіктен құтылғанын түсіндіре алмайды.

Деңгейлік тапсырмалар:

1 – Неолиберализм мен Либерализм қай тұрғыда бір-бірінен бөлінеді?

1 – деңгейлік сұрақ. Неореализм, неоклассикалық реализм, басқыншы реализм айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

1 – деңгейлік сұрақ. Бүгінгі күнгі халықаралық жүйені либерал және реалист теориялар тұрғысынан түсіндіріңіз?

2–деңгейлік сұрақ. Марксистік ұстанымды жалпы алғанда өзге ұстанымдардан ерекшелендіріп тұрған не?

2–деңгейлік сұрақ. Конструктивистік теория мен Реализм арасындағы негізгі айырмашылықтарды көрсетіңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық ынтымақтастықтың теоретикалық тұжырымдары?

3–деңгейлік сұрақ. Жан-Жак Руссоның «Мәңгі әлем туралы ойы» және халықаралық қатынастың классикалық либералдық парадигмасы

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық қатынастардың өзегінің марксистік- лениндік түсінігі Марксизм және халықаралық қатынастар

БӨЖ тапсырмалары: Неореализм, постмодернизм-анықтама беру.

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.

- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Vıottı, M. V. Kauppı.
- 5.Yumusak guc kavramı ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmaзı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Reltions Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınları

